КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша)

2024 жылғы 12 шілде № 5501-24-00-2/1756 ісі Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Ищанов, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Екібастұз қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Гульнур Алибековна Ахметова «Гулнурым» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 223-226, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Екібастұз қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Гульнур Алибековна Ахметова «Гульнурым» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Гульнур Алибековна Ахметова «Гульнурым» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Гульнур Алибековна Ахметова «Гульнурым» жеке кәсіпкерінен Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Екібастұз қалалық

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 6 478 (алты мың төрт жүз жетпіс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 194 (жүз тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талаптың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылды.

Дәурен Әтірханұлы Кемелбек жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірме дұрыс
Судья **Ищанов А.Т.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 12.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.08.2024, судья Ибрагимова Ю. Р., 26.08.2024

5501-24-3-1/1904

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 12.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.08.2024, судья Ибрагимова Ю. Р., 26.08.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»